

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 7 қарашадағы N 322 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 26 қарашада N 1968 тіркелді. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 17 наурыздағы N 62 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 17.03.2014 N 62 Қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы Заңының 5-бабының 4) тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің м.а.

А. Сапаров

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2012 жылғы 7 қарашадағы
№ 322 қаулысына қосымша

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлар

№	Атауы	Мекенжайы
1.	Дүкен	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 24
2.	Дүкен	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 14
3.	Сауда кешенінің бірінші қабатындағы «Меломан» бутигі (№ 1.21 үй-жай)	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Кәрім Сүгішев көшесі, 58/б

4.	Тұрғын үй	Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Пресновка селосы, Московский бұрылыс көшесі, 1
----	-----------	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК